ATYRAU OIL AND GAS UNIVERSITY

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**«САФИ ӨТЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ**

**№7 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ**

**Атырау қ.**

**05.02.2021 ж.**

**Қатысқандар:** Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны-27, оның ішінде – 1 қатыспағаны, дәлелді себеппен.
**Ғылыми кеңес төрағасы:** Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, э.ғ.д., профессор
**Ғылыми хатшы:** Мұханғалиева Г.Д.

**Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша:**
05.13.00 - «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, т.ғ.к. Балбупе Есенжановна Утенованың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсынылған құжаттарын қарау туралы

**ТЫҢДАЛДЫ:**
*Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор:* Балбупе Есенжановна Утенова «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің «Ақпараттық технологиялар» факультетінде доцент лауазымында 1990 жылдан бастап жұмыс жасауда. Университетте оқытушы, аға оқытушы, доцент лауазымдарында болып, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, Технология факультеті деканының оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша орынбасары, «Автоматтандыру және басқару» факультеті деканының оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша орынбасары, «Экономика, бизнес және ақпараттық технологиялар» факультеті деканының орынбасары міндеттерін атқарды. Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, т.ғ.к. Балбупе Есенжановна Утенованың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсынылған құжаттарын қарау Ғылыми кеңеске шығарылып отыр. Құрметті Кеңес мүшелері, пікірлеріңізді білдіруді сұраймын.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**
*Құмалақов Болатжан Арменұлы, бірінші проректор, академиялық мәселелер және халықаралық ыньымақтастық жөніндегі проректор:* Балбупе Есенжановна Утенова С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің дмауына өзіндік үлес қосқан білікті маман. Ол оқытушылықпен ғалымдықты қатар алып келе жатыр. 2010 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен (Нұр-Сұлтан қ.) 05.13.11 – «Есептеу машиналары мен

кешендерін және компьютерлік желілерді математикалық және программалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. «Экспертные системы» атты оқу құралы, көлемі – 8,5 б.т., 2019 ж., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен (Астана қ.) баспасы, 4 мақала шетелдік ғылыми халықаралық конференцияларда, 11 мақала ҚР БжҒМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті басылымдарында, Elsevier компаниясының Scopus мәліметтер базасында – 6, РФ ЖАК ұсынылған журналдарында - 2, шетелдік журналдарда - 2 ғылыми еңбектер, т.б. еңбектері отандық басылымдар мен конференцияларда жарық көрді. Құрметті Кеңес мүшелері, пікірлеріңізді білдіруді сұраймын.

*Искакова Сандуғаш Шынбергенқызы, Ғылыми кеңес мүшесі, Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы міндетін атқарушы:* Балбупе Есенжановна Утенова факультет мамандықтарының базалық, бейіндік пәндерінің курстары бойынша сабақтар жүргізеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (Алматы қ.), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (Алматы қ.), И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінде (Мәскеу қ.), «Жоғары білім беруде қашықтан оқыту технологиясы», «Жобаларды басқару дағдыларын дамыту» тақырыптарында (Атырау қ.) біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Балбөпе Есенжанқызы «Атырау мұнай және газ институтының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін» төс белгімен, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі А.Сәрінжіповтың, А.Аймағамбетовтың Құрмет грамотасымен, Атырау облысының маслихат хатшысы Ж.Дүйсенғалиевтің Алғыс хатымен, Атырау облысының әкімі Н.Ноғаевтың Алғыс хатымен, Атырау мұнай және газ университеті ректорының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Сонымен бірге, Балбупе Есенжанқызы «Bilim-órkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 2019 жылы Нұрсұлтан қаласында өткен «Білім беру саласының құрметті педагогы» атты республикалық байқауға қатысып, «Білім беру саласының құрметті педагогы» төсбелгісімен, I дәрежелі дипломмен марапатталды және оның еңбектері жинақ кітапқа енді.

Ғылыми кеңес мүшелері Д. Диарова, А. Жалғасбаева, Е.Арыстанәлиевтер Балбупе Утенованың ғылыми-педагогикалық еңбегіне қосымша тоқталып өтті. Балбупе Есенжановна үнемі ізденісте жүретін оқытушы, ол үнемі өз білімін көтерумен шұғылданады, білім алушыларға сапалы білім беру жолында аянбай еңбек етіп келеді, ғылыми жұмыстармен де айналысады деп атап өтті, әріптестері.

Ғылыми кеңес мүшелерінің ҰСЫНЫСЫ:
05.13.00 - «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, техника ғылымдарының кандидаты Балбупе Есенжановна Утенованың аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетіне ұсынылсын.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор:* Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері 05.13.00 - «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, техника ғылымдарының кандидаты Балбупе Есенжановна Утенованың аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетіне ұсыну туралы ұсыныс білдірдіңіздер, Кеңес мүшелерінің дауыс беруін сұраймын. Кеңес мүшелерінің дауыс беру түріне дауыс берулеріңіз сұралады.

«Ашық дауыс беру»

*Дауыс беру қорытындысы:*
*«иә» - 26 дауыс;*
*«қарсы»- жоқ;*
*«қалыс қалды» - жоқ.*
Қаулы бірауыздан қабылданды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Шакуликова Гүлзада Тәңірбергенқызы, Басқарма төрағасы-ректор, э.ғ.д., профессор:* Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, «ашық дауыс беру» түріне бірауыздан дауыс бердіңіздер, олай болса, дауыс беру ашық дауыс беру түрінде өтеді.

05.13.00 - «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, т.ғ.к. Балбупе Есенжановна Утенованың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қауымдастырылған профессорлығына ұсыну дауысқа салынды

*Дауыс беру қорытындысы:*
*«иә» - 26 дауыс;*
*«қарсы»- жоқ;*
*«қалыс қалды» - жоқ.*
Қаулы бірауыздан қабылданды.

**ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

05.13.00 - «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті, техника ғылымдарының кандидаты Балбупе Есенжановна Утенованың аттестациялық ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетіне ұсынылсын.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Г.Т. Шакуликова**

**Ғылыми хатшы:** **Г.Д. Мұханғалиева**